



# Ақмешіт

2 шілде  
сейсенбі  
№52 (2062)  
2024 ЖЫЛ

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

# ҮКІМЕТ САПАРЫ ӨНІРГЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛЕДІ?



Маусым айы Сыр өңіріне Үкімет басшысының келуімен есте қалды. Премьер-министр Олжас Бектеновтің өңірге сапары қандай өзгеріс әкеледі? Аймақтың тыныс-тіршілігін көзбен көрген Үкімет басшысы недей шешім қабылдады? Бұл көп көкейіндегі сауалдар екені сөзсіз.

Премьер-министр Олжас Бектенов Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешеніне барды, сондай-ақ Байқоңыр қаласының даму жоспарымен танысты.

Ғарыштық зымыран кешенінің құрылысы «Союз-5» жаңа зымыран тасығыштарын ұшыруға арналған «Зенит-М» ҒЗК инфрақұрылымы базасында жүргізіліп жатыр. 2018 жылы ресейлік тарап алаңды жалға алуды тоқтатқаннан кейін нысанды қазақстандық мамандар пайдалануда. Жұмыстың аяқталу мерзімі 2028 жылдың мамырына жоспарланған, ал алғашқы ұшу сынақтарын 2025 жылы бастау жоспарланып отыр. Кешен жылына 6-8 зымыран ұшыруға мүмкіндігі бар.

Олжас Бектенов монтаждау-сынақ кешенінің, сондай-ақ зымыран көлеміне шакталған көлік қондырғыларын қарап шықты. «Бәйтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы Айдын Айымбетов кешенді заманауи жүйелерге сәйкестендіріп жаңғырту туралы баяндап, зымыран-тасығыш жүйелерді тексеру кезеңдері, сондай-ақ «Бәйтерек» жобасы үшін мамандарды оқыту туралы хабарлар етті.

Үкімет басшысы «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені бүгінде посткеңестік аумақтағы Қазақстан мен Ресейдің ең ірі бірлескен жобасы екенін және екі мемлекет басшыларының ерекше бақылауында екенін атап өтті. Биыл оны іске асыруға 14,7 млрд теңге бөлінген, қаражаттың қалған бөлігін бөлу мәселесі қосымша пысықталмақ. Олжас Бектенов экологиялық таза тасымалдағыштарда ғарыш аппараттарын сәтті ұшыру үшін мамандардың бірлескен жұмысының қажеттілігіне назар аударды.

Зымырандарды ұшыру мерзімдерін өзгертпеу керек. Үш ұшырылымның біріншісі келесі жылы өтуі тиіс. Жоба «Байқоңыр» кешенінің белсенді жұмысын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Бұл орайда бірлескен кәсіпорындағы еңбек ұжымының жұмысы да маңызды. Сондай-ақ ғылыми ортамен де өзара тығыз іс-қимылды үзбеу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

2-БЕТТЕ

## «ТАЗА ҚАЛА»: ҚЫЗЫЛОРДА КӨШ БАСЫНДА

Президенттің телерадиокешенінің «Таза қала» жобасы еліміздің әр аймағының көрікті жерлерімен қатар тазалығы сын көтермейтін аумағын да аралап, қала тазалығының жай-күйін саралайды. Бүгін дейін Тараз, Шымкент, Түркістан өңірлерінде болған түсірілім тобы жуырда Сыр өңіріне де табан тіреді.

көтерген нысандар аумағын қолдандыру ісі жолға қойылып келеді. Осындай жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қызылордада абаттандыру, көркейту-жоғалтандыру жұмыстары қарқын алған.

Ал «Таза қала» жобасында әр аймақтың тазалығын эколог, урбанист секілді арнайы сарапшылар сараптайды. Мамандар көшедегі тазалық пен тәртіп, коммуналдық қызметтің

жұмыс жүйесі, абаттандыру, халық мәдениеті, қала эстетикасы секілді бес критерий бойынша бағалайды. Сыр өңіріндегі түсірілім барысын бақылаған Парламент Мәжілісінің депутаты Ерболат Сатыбалдин, «Жасыл даму» АҚ қалдықтарды басқару департаментінің директоры Сәбит Қашқымбаев, урбанист Тұрсын Жиенбаева бұған қатысты өз ойларын білдірген. Сарапшылар тарапынан қатты

қалдықтарды өңдеу мен сұрыптау мәселесі басқа қалалармен ұқсас екенін, қоқыс жәшіктері мен инфрақұрылым жетіспеуіні айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан жобадан сығана түскен аймақтар арасында Сыр өңірі жалпы есепте 20 ұпаймен көш бастап тұр.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қызылорда қаласы соңғы он жыл көлемінде тазалыққа баса көңіл бөліп, сәулеті келіскен шаһарға айналуға кіріс алуда. «Тазалық табалдырықтан басталады» деген тәмсілді ұстаным еткен қала тұрғындары тазалық сақтауда тұрақты түрде сенбілікке қатысады. Бүгінде қалада «Таза Қазақстан» акциясының шеңберінде апта сайын сенбілік ұйымдастырылуда. Соның аясында қоғамдық жерлерден бөлек, шет аймақтарда да тазалық жайы көңіл көншітерілік.

Қалада тазалықтан бөлек көркейту-қолдандыру жұмыстары да қолға алынған. Шаһардың құрылыс алаңына айналуы, жыл сайын қала аумағы кеңейіп, жаңадан бой



## Газ бағасы 70 теңгеге жетті

Өткен аптаның ортасынан бері «көгілдір отын» көңілге медет болмады. Бекеттерде ұзынсонар кезекте тұрған көліктер мұны жоққа шығара алмас. Тіпті тұрмыстық қолданыстағы газ баллондарын арқалап, ерсілі-қарсылы шапқылап кеткен халықты да көріңіз. Өуелі мұндай көрініс аудандардан, ауылдардан бастау алса, бірер күн бұрын облыс орталығына да жеткен. Десек те, «халық айтса, қалып айтпайды» деген тура келді. Жұртшылық желкеден бүрген түйткілдің ақыры 70 теңгеге жететінін топшылаған. Міне, кешеден бері сұйытылған газ бағасының қымбаттағаны жайында тиісті тараптар мәлімдеме жасады.

«ҚР Энергетика министрінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №233 бұйрығына сәйкес 01.07.2024 жылдан бастап сұйытылған мұнай газ бағасы қымбаттады. Өңірімізде шекті бөлшек сауда бағасы 1 литрге – 70 теңгені, ал облыс орталығынан 200 (екі жүз) шақырымнан астам қашықтықта орналасқан шалғай аудандар үшін шекті бөлшек сауда бағасы 1 литр үшін – 75 теңгені құрайды. Яғни тұтынушыларға арналған баға 9%-ға өссе, ал газ желісі ұйымдары үшін газ өңдеу зауытынан сатып алынатын бағасы 12%-ға өскенін хабарлаймыз. Бұл ретте маусым айында газ сатылымдағы орын алған шектеулер бағаның қымбаттауына байланыс емес, облысқа ҚР Энергетика министрінің тарапынан газдың аз бөлінуіне байланысты орын алуда. Облыстың 1 айдағы қажеттілігі 8,5-9 мың тоннаға құраса, министрлік тарапынан маусым айына 7,2 мың тонна газ бөлініп, оған қоса жазғы кезеңде газдың тұтынуы өсуде», – деп ақпарат берді әлеуметтік желіде облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы.

Айтпақшы, қала бойынша кейбір бекеттер арнаулы лимит бекітіп қойған. Тағы бірінде сұйық отын мүлдем жоқ. Қалаға қарасты елді мекендерде де осы мәселе байқалды. Өйтсе де ақ қағаз бәрін де көтереді...

«Сондай-ақ бірнеше газ құю станцияларында газ тасуы жағдайда қалған ірі газ операторларына жүктеме түсуде. Газды тасымалдау жеткілікті арнайы техника мен уақыт қажет ететіндіктен газ құю станцияларында үзілістер пайда болады. Маусым айының соңында газ тасымалдаушылар тәулік бойы жұмыс істеп, газды облыс бойынша тасымалдады. Сонымен қатар Түркістан облысы мен Шымкент қаласында орын алған газ тапшылығына байланысты Жаңақорған ауданын сұйытылған мұнай газбен қамтамасыз етуде қиындықтар туындап, газ тасымалдаушылар күніне бірнеше рейс жасады. Осыған байланысты автокөлік дәлізімен транзиттік көліктер Жаңақорған ауданындағы барлық газ қорын алмау үшін ауданда 1 көлікке 1500-2000

теңгеге шектеу қойылды», – дейді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасындағылар.

Сұйытылған газбен жүретін автокөліктер енді ойлана бастады. Қалтаны қақпайтын төмен бағаға жүгініп, пайласын арттырған жолашушы тасымалындағылар да дәл бұлай бара берсе, жанар-жағармайға қошегінін айтады.

«Өуелі «көгілдір отын» қолданатын көліктерге арнаулы техникалық байқау қажеттігі айтылды. Мұнан кейін газ қондырғыларының жай-күйін майшаммен қарады. Жарамдылық мерзіміне қарай тағы да шығынға бататын болды. Енді бара-бара бұл баға бензинмен теңеседі. Бұлай жалғаса берсе, барлығымыз бензинге көшіп аламыз. Ол уақытта жолашушы тасымалының бағасы да қымбаттайтыны анық. Біз әзірге бір бағаны ұстап тұрмыз», – дейді такси жүргізушісі Азиз Бекмырза.

Аян СПАНДИЯ

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



## ТРОПИКАЛЫҚ ЖЕМІС ӨСІРГЕН – АҚЕРКЕ

4-БЕТТЕ





